

Ұжымдық негізде авторлық және сабақтас құқықтарды басқару тәртібі туралы келісім жобасы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 27 шешімі

Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мен қорғау туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 26 қосымша) 10-тармағын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Ұжымдық негізде авторлық және сабақтас құқықтарды басқару тәртібі туралы келісім жобасы (қоса беріліп отыр) мақұлданды.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер 2015 жылғы 15 маусымға дейін осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген Келісім жобасын мемлекетішілік келісуді жүргізсін және Еуразиялық экономикалық одаққа оның нәтижелері туралы хабарласын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В.Христенко

Жоба

Ұжымдық негізде авторлық және сабақтас құқықтарды басқару тәртібі туралы КЕЛІСІМ

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын өз үкіметтері арқылы,

Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мен қорғау туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 26 қосымша) ережелерін негізге ала отырып,

авторлық құқықтың және сабақтас құқықтардың иелері үшін қолайлы жағдайлар ұсыну мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Осы Келісім авторлар, орындаушылар, фонограммаларды дайындаушылар(жасаушылар) және өзге де авторлық және (немесе) сабақтас құқықтардың иеленушілері (бұдан әрі – құқық иеленушілер) авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды іс жүзінде жүзеге асыру қиындаған немесе мүше мемлекеттердің заңнамасында осы құқықтардың объектілерін құқық иеленушілердің келісуінсіз пайдалануға жол берілген

жағдайда мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық негізде авторлық және сабақтас құқықтарды басқару тәртібін белгілейді.

2. Мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалған авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды ұжымдық басқару саласында мүше мемлекеттер құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар құру мүмкіндігін көздейді.

3. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін осы тармақтың екінші абзацында көзделген жағдайды қоспағанда, осындай ұйымдар құқық иеленушілермен, сондай-ақ құқықтарды ұжымдық басқару бойынша басқа ұйымдармен жазбаша нысанда жасасқан құқықтарды басқару бойынша өкілеттіктерді беру туралы шарт негіз болып табылады.

Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарға ұжымдық басқарудың тиісті салаларында осындай ұйымдарға тікелей тиісті өкілеттіктерді берген құқық иеленушілер де және өздерінің мүдделері үшін құқықтарды басқарудан бас тартпаған сол құқық иеленушілер де құқықтарды ұжымдық басқару бойынша өкілеттіктер берілуі мүмкін.

4. Егер мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйымға құқықтарды ұжымдық басқару және тиісті өкілеттіктерді осындай ұйымдарға тікелей берген құқық иеленушілердің де және өздерінің мүдделері үшін құқықтарды басқарудан бас тартпаған құқық иеленушілердің де мүдделері үшін сыйақы жинау бойынша өкілеттіктер беріледі, мүше мемлекеттер өз заңнамасында тиісті мемлекеттік органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) осындай ұйым қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша өкілеттіктер беруді көздейді.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың өзге де жағдайлары белгіленуі мүмкін.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары өз араларында өзара іс-қимыл жасайды, оның ішінде бір-біріне құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың қызметі туралы қажетті ақпарат береді.

2-бап

1. Мүше мемлекеттердің аумағында құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың қызметі ашықтық, айқындық, есеп берушілік, бақыланушылық, әділдік (кемсітпеу емес) қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысаны мен құқықтық мәртебесі, оларға тиісті өкілеттіктер беру ерекшеліктері, осы ұйымдардың функциялары, олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ осы Келісімде реттелмеген өзге де мәселелер мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

3-бап

1. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар пайдаланушылармен осындай ұйымдардың басқаруындағы авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарға, авторлық және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілерін пайдаланудың тиісті тәсілдеріне қатысты қарапайым (айрықша емес) лицензия жағдайларына шарттар жасасады және осындай пайдаланушылардан осындай объектілерге пайдалану құқықтарын беру үшін сыйақы жинайды.

Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес авторлық және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілерін құқық иеленушілердің келісімінсіз, бірақ оларға сыйақы төлей отырып, пайдалануға жол берілген жағдайда құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйым пайдаланушыларға немесе мүше мемлекеттердің заңнамасында сыйақы төлеу үшін қаражат төлеу бойынша міндет жүктелетін өзге де тұлғалармен сыйақы төлеу туралы шарттар жасасады және құқық иеленушілерге төлеу үшін қаражат жинайды.

Құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйым пайдаланушыларға немесе мүше мемлекеттердің заңнамасында сыйақы төлеу үшін қаражат төлеу бойынша міндет жүктелетін өзге де адамдармен шарттар жасасудан бас тарта алады.

Осындай бас тарту уәжді болуға тиіс және мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар авторлық және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілерін пайдалану үшін жиналған сыйақыны құқық иеленушілердің арасында бөледі және оларға көрсетілген сыйақыны төлеуді жүзеге асырады.

Жиналған сыйақыны бөлу жылына 1 реттен сирек емес, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар пайдаланушылардан алған құжаттар мен мәліметтердің, сондай-ақ авторлық және (немесе) сабақтас құқықтардың пайдаланылуы туралы өзге де деректердің, оның ішінде статистикалық сипаттағы мәліметтердің негізінде айқындалған авторлық және (немесе) сабақтас құқықтардың тиісті объектілерін нақты пайдалануға барабар жүзеге асырылады.

Пайдаланушылар құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарға авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің пайдаланылуы туралы есептерді, сондай-ақ сыйақы жинау мен бөлуге қажетті өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндетті. Құжаттар мен мәліметтердің тізбесі мен оларды ұсыну мерзімдері құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар мен пайдаланушылар арасындағы шарттарда айқындалады.

Құқық иеленушілерге сыйақы төлеуді құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар тұрақты түрде, жылына 1 реттен сирек емес жүргізуге тиіс. Бұл төлемдер есепті жыл аяқталғаннан кейін 12 айдан кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Жиналған сыйақыны шетелдік авторларға немесе құқық иеленушілерге аудару мерзімділігі құқықтарды ұжымдық басқару бойынша шетелдік ұйымдармен жасалған мүдделілікті білдіру туралы шарттарда, бірақ жылына 1 реттен кем емес белгіленеді.

3. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың жиналған сыйақыдан осындай сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өз шығыстарына (бұдан әрі – ұйымдардың шығыстары) тең соманы ұстап қалуға құқығы бар. Осындай шығыстар құжат түрінде расталуға тиіс.

Мүше мемлекеттер өз заңнамасында құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың құқық иеленушілердің келісімімен және олар құқық иеленушілерге берген мүдделерде әлеуметтік, мәдени және білім беру мақсаттарына бағытталған қосымша қаражатты (бұдан әрі – арнайы қаражаттар) ұстап қалуға құқықтар белгілеуі мүмкін.

Арнайы қаражаттарға қатысты құқықтық режим мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленеді.

Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың ұйымдар мен арнайы қаражат шығыстарына жиналған сыйақы сомасының 50 пайыздан астамын ұстап қалуға құқығы жоқ.

Осындай ұстап қалулар әрбір құқық иеленушіге тиесілі әрбір сомадан барабар жүргізілуге тиіс. Мүше мемлекеттердің заңнамасында осындай ұстап қалулардың ең аз шекті жалпы мөлшері белгіленуі мүмкін.

Сыйақы төлеумен бір мезгілде құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар құқық иеленушіге оның құқықтарының пайдаланылуы және құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар ұстап қалған сомаларды, оның ішінде арнайы қаражатты егжей-тегжейлі көрсете отырып, осындай пайдалану үшін жиналған сыйақының мөлшері туралы есеп беруге міндетті.

4. Егер құқық иеленушіге тиесілі сыйақы осы баптың 2-тармағының төртінші абзацында белгіленген мерзімде төлене алмайтын болса, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар осындай мерзім аяқталған күннен бастап 12 айдың ішінде осындай құқық иеленушіні анықтау мен табу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Мүше мемлекеттер өз заңнамасында құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың төленбеген ақша қаражатын сақтау, сондай-ақ қуынудың жалпы мерзімі аяқталған соң талап етілмеген сомаларды пайдалану тәртібін белгілейді.

4-бап

1. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым, атап айтқанда:

1) осы Келісімге және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын өз қызметі туралы ақпаратты орналастыру (жариялау) үшін "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайтты (бұдан әрі – ресми сайт) айқындауға;

2) ресми сайтқа тәулік бойы режимде қол жетімділікті, сондай-ақ ресми сайтта орналастырылатын ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етуге және оны тегін негізде ұсынуға;

3) құқық иеленушілер, авторлық және (немесе) сабақтас құқықтардың объектілері және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құқық иеленушінің келісуінсіз жарияланбайтын мәліметтерді қоспағанда, осындай ұйымға басқаруға берілген құқықтар туралы мәліметтерді қамтитын тізілімдерді қалыптастыруға;

4) тізілімдерді ресми сайтта орналастыруға, сондай-ақ пайдаланушылармен шарттар жасасу және оларға сыйақы төлеу мақсатында оларды жүргізуді жүзеге асыруға және уақтылы өзектендіруге;

5) құқықтарды ұжымдық басқару бойынша өзге ұйымдарға, сондай-ақ олар құқық иеленушілердің мүдделері үшін пайдаланушылармен шарттар жасасатын құқық иеленушілерге мүмкіндік беретін рәсімдерді енгізуге, тізілімдердегі және олар басқаратын құқықтарға қатысты кез келген дәлсіздіктер туралы хабарлауға міндетті.

2. Құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйымның оған басқаруға берілген авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін, мүлік құқығын пайдалануға құқығы жоқ.

3. Құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйым құқық иеленушінің немесе өз атынан сотта талап қоюға, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес оған басқаруға берілген құқықтарды қорғау үшін өзге де заңды әрекеттер жасауға құқылы.

5-бап

1. Құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйым оның бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің, оның ішінде сыйақы жинауды, бөлуді және төлеуді жүзеге асырған кезде ақша қаражатымен операцияларды жүргізу және құжаттамалық ресімдеу бөлігінде тексеру мен растау, жиналған сыйақыны бөлудің ұйым бекіткен әдістемеде көзделген талаптарға сәйкестігін белгілеу, арнайы қаражат есебінен жүргізілген мақсатты түсімдер мен төлемдерді есепке алу, сондай-ақ осы Келісімнің 3-бабында белгіленген, осындай ұйымға қойылатын өзге де талаптарды сақтау үшін тәуелсіз аудиторды (бұдан әрі – міндетті аудит) тартуға міндетті.

Міндетті аудитті жүргізу кезеңділігі мүше мемлекеттердің заңнамасында, бірақ 2 жылда 1 реттен сирек емес белгіленеді.

2. Құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйым аудиторлық қорытындыны бекіткен күнінен бастап бір ай мерзімде ресми сайтта жариялауға міндетті. Аудиторлық қорытындыны бекіткен күнінен бастап ол кемінде 5 жыл бойы құқық иеленушілерге қолжетімді болып қалуға тиіс.

Бухгалтерлік (қаржылық) есептілік және осы бапқа сәйкес міндетті аудитке жататын өзге ақпарат құпиялы сипаттағы мәліметтерді, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратқа жатқызылмайды.

3. Міндетті аудитті жүргізуге жұмсалатын шығыстар ұйымдар шығыстарының құрамына енгізіледі.

6-бап

1. Мүше мемлекеттер заңнамада:

1) мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, құқық иеленушінің не оның тиісті құқықтарын басқаратын құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйымның келісуінсіз, сыйақы төлемей (сыйақы төлеу қаражатын төлеуден жалтарғаны үшін) авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды пайдалану үшін;

2) құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйымның құқық иеленуші үшін жинаған сыйақыны төлемегені, соның салдарынан осы ұйымның құқықтарды басқару тәртібін бұзушылық, осындай ұйымның осы Келісімде және (немесе) мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік белгілейді.

2. Мүше мемлекеттер осы баптың 1-тармағында көрсетілген әрекеттер үшін жауапкершілікті көздейтін заңнама нормаларының үйлесімділігі бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

7-бап

Құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйым құқық иеленушілермен өзара іс-қимыл кезінде мынадай қағидаттарды негізге алады:

1) құқық иеленушілер кез келген кезде құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйымның басқаруынан толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы;

2) егер осындай құқық мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген болса, құқық иеленушілердің құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйымның басқару органдарының жарғысында белгіленген тәртіппен осындай ұйымның қызметіне қатысуға құқығы бар;

3) сыйақы бөлу мен төлеу әділ, азаматтық белгісі, тұру елі, құқық иелену бойынша немесе өзге де негіздер бойынша кемсітусіз жүзеге асырылуға тиіс;

4) құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйым осы Келісімнің 3-бабы 2-тармағының төртінші абзацына сәйкес тұрақты түрде сыйақы төлеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс;

5) құқықтарды ұжымдық басқару бойынша ұйым мүдделері үшін пайдаланушылармен шарттар жасасқан құқық иеленушілердің алдында барлық жиналған және бөлінген сыйақы сомалары туралы, көрсетілген сомалардан кез келген аударымдар туралы, сондай-ақ статистикалық сипаттағы мәліметті қоса алғанда, оларды бөлу әдістемесі туралы тұрақты түрде есеп беруге тиіс.

8-бап

1. Осы Келісім күшіне енгенге дейін туындаған құқықтық қатынастар бойынша оның ережелері Келісім күшіне енгеннен кейін туындайтын құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

2. Ұжымдық негізде осы Келісім күшіне енген күні жүзеге асырылатын авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды басқару осы Келісімге қайшы келмейтін бөлікте жүзеге асырылуын жалғастырады.

9-бап

Мүше мемлекеттердің өзара келісу бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгеріс енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен шешіледі.

11-бап

1. Осы Келісім Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады және Еуразиялық экономикалық одақ құқығына кіреді.

2. Осы Келісім депозитарий мүше мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындалғаны туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Мүше мемлекеттер дипломатиялық арналар арқылы Еуразиялық экономикалық комиссияға осы Келісімнің іске асырылуына жауапты мемлекеттік органдар туралы хабарлайды.

___ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін Беларусь Республикасы үшін Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін